

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Рационал сандарды бөлу

ЖАРИЯЛАНДЫ
09.03.2018СІЛТЕМЕ
https://bilimgger.kz/29603/

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Шымкент қаласы №68 жалпы орта мектебінің

математика пәні мұғалімі

Мырзабекова Махабат Амирхановна

Пәні:	Сынып: 6 А	Мектеп:	Мұғалім: Мырзабекова М.А.
Математика		№68 жом	Қатысқаны: 22
Сабақтың тақырыбы:	Рационал сандарды бөлу		
Сабақ негізделген оқу мақсаты:	Рационал сандарды бөлуді орындау;		
Сабақ мақсаттары	Барлық оқушылар: Рационал сандарды бөлу біліп, есептер шығаруда қолдана білуге үйрету. Оқушылардың басым бөлігі: Рационал сандарды бөлуде таңбалар ережесін ескеріп есептер шығаруға дағдыландыру. Кейбір оқушылар: Рационал сандарды бөлуді, амалдарды қолдануды меңгеріп, күрделі есептер шығарады.		
Тілдік мақсат	Оқушылар: Оқушылар таңбалар ережесін пайдалана отырып, пікірлеседі есептер шығарады. Негізгі сөздер мен тіркестер: рационал сан, қосу, азайту, бөлу, оң және теріс сан, бүтін сан Осы тақырыпқа қатысты терминдерді үш тілде меңгереді, қазақ, орыс, ағылшын тіліндегі әдебиеттердегі материалдарды меңгере алады. Ол үшін мынадай сөздіктер қолданымын.		
	Қазақша	Русский	English
	Рационал сан	Рациональное число	Rational numbers
	Натурал сан	Натуральное число	Natural number
	Бүтін сан	Целое число	Whole number
	Көбейту	Умножение	Multiply
	Бөлу	Деление	Divide
	Цифр	Цифра	Digit
	Теріс сан	Отрицательное число	Negative number
	Талқылауға арналған тармақтар: Тақырып бойынша топ аралық сұрақ әзірлеу, есептерді шешу Бөлінгішпен бөлгішті таңбалар ережесіне сай бөлу Рационал сан дегеніміз..... Неге күн суығанда ауа температурасын теріс таңбамен белгіленелі? 1. Рационал сан 2. Рационал сандарды көбейту		
Алдыңғы оқу			
Жоспар	Жоспарланған жаттығулар	Уақыты	Ресурстар
Жоспарланған уақыт			

Басталуы Қызығушылықты ояту 6 мин	Сәлемдесу, оқушыларды түгелдеу. Топқа бөлу Оқушыларды үш топқа бөлу(сикерге жазылған тақырыптар бойынша 1 — топ Natural number (натурал сандар) 2 - топ Whole number (бүтін сандар) 3 - топ Rational numbers <i>рационал сандар</i>	1 мин	Стикер (стикерге жазылған ағылшын сөздерін тауып, топқа бөлінеді)
	Психологиялық ахуал орнату Сәлеметсіздер оқушылар, бүгінгі біздің сабағымызға көптеген қонақтар келіпті. Сабаққа деген көңіл-күйіміз қалай? Оқу құралдарымыз дайынба? Ендеше сабағымызды бастаймыз. Олай болса балалар қазір жылдың қай мезгілі? -Қыс. Қыстың алғашқы айларында қандай өзгерістерді байқадыңдар? Ауа райы қандай? -Салқын суық. Күннің салқындығын қандай санмен жазамыз?-Теріс сан -Ал егер жылы болса ше?- Оң сан. Демек, бүгінгі сабағымызды ары қарай рационал сандармен есептер шығаруды жалғастырамыз. Сонымен, балалар бүгінгі сабақта бір-бірімізге:	2 мин	
	— Жақсы көңіл күй. — Бір-бірімізді тыңдаймыз. — Сабаққа белсенділік танытамыз. — Алған білімімізді көрсетеміз.	2 мин	
	Үй тапсырмасын сұрау Үйге берілген есепті «Кеден» әдісі бойынша топ басшылары тексереді №599,602	5 мин	
	«Лездік сұрақтар» әдісі арқылы 1) Қарама- қарсы сан дегеніміз не? 2) Бүтін сан дегеніміз не? 3) Рационал сандар дегеніміз қандай сан? 4) Таңбалары әр түрлі сандар қалай көбейтеміз? 5) Таңбалары бірдей сандарды көбейту ережесі қандай? 6) Таңбалары әр түрлі сандарды бөлу ережесі қалай айтылады? 7) Таңбалары бірдей сандарды бөлу ережесі қалай айтылады? 8) Сандарды қандай рационал сандарды бөлуге болмайды? 9) Қандай жағдайда екі рационал санның бөлінісі нөлге тең? Қалыптастырушы бағалай түрі: Смайликтер және бағалау парағы		

Мағананы ажырату 19 мин

Жана сабақ.
 Мыға шабуыл: ой белсенділіктерінің дамуына ықпал ету. Мысалдар келтірілген:
 $4 \cdot (-3) = -12$, егер $x=4$ болса, $(-3) \cdot x = -12$; $x = (-12) : (-3) = 4$
 $(-2) \cdot (-5) = 10$, егер $x=-5$ болса $(-2) \cdot x = 10$; $x = 10 : (-2) = -5$
 x -ті табу үшін қандай амал қолданып отырмыз? Қандай сандарға бөлу амалын орындадық? Демек бүгінгі сабағымыздың тақырыбы қандай?

15 мин АКТ(сұрақтарға жауап беру арқылы бүгінгі сабақтың тақырыбын ашады)

Біздің бүгінгі сабағымыздың тақырыбы: «Рационал сандарды бөлу». (оқушылар тақырыпты өздері айтады)

Рационал сандарды бөлу.

«Джигсо» әдісі бойынша оқушыларға тақырыпты бөліп беру. Әр топ өз тақырыбы бойынша жұмыс жасайды.

I топ: Таңбалары әр түрлі сандарды бөлу үшін:

$(-)$: $(+)$ = $(-)$ Бөлінгіш пен бөлгіштің таңбалары әр түрлі болса, бөліндінің мәні теріс сан болады.

$(+)$: $(-)$ = $(-)$ 1-мысал: $-4,2 : 6 = -0,7$ себебі

$(-0,7) \cdot 6 = -4,2$

2. себебі $(-3) \cdot$

II топ: Таңбалары әр түрлі сандарды бөлу үшін:

1. бөлінгіштің модулін бөлгіштің модуліне бөлу керек;

2. шыққан бөліндінің алдына « $-$ » таңбасын қою керек. II. Таңбалары бірдей сандарды бөлу:

$(-)$: $(-)$ = $(+)$ Бөлінгіш пен бөлгіштің таңбалары бірдей болса, бөлінді оң сан

$(+)$: $(+)$ = $(+)$ 2-мысал: $(-3,6) : (-1,2) = 3$

III топ: Таңбалары бірдей сандарды бөлу үшін:

1. бөлінгіштің модулін бөлгіштің модуліне бөлу керек;

2. шыққан бөліндінің алдына « $+$ » таңбасын қою керек.

3. Нөл санын кез келген нөлден өзге санға бөлгендегі бөлінді нөлге тең:

$0 : a = 0$, $a \neq 0$ a SHAPE * MERGEFORMAT

0

Мысалы: $0 : (-5) = 0$ себебі $0 \cdot (-5) = 0$

Нөлге бөлуге болмайды!

«Ойлан-жұптас-бөліс» стратегия.

1-топ: Оң сандарға тапсырма: Бөлінгіш пен бөлгіштің таңбаларына қарай бөліндінің таңбасын анықтау, мысалдар келтіру

2-топ: Теріс сандарға тапсырма: Таңбалары әртүрлі сандарды бөлу ережесін тұжырымдаңдар, мысал келтіріңдер

3-топ: Бөлшек сандар тобына: Таңбалары бірдей сандарды бөлу ережесін тұжырымдаңдар, мысалдар келтіріңдер.

Өзара бағалау: Басбармақ

Оқулықпен жұмыс (жеке жұмыс)

№609-612

№609 Бөледі орында

1) $-42 : 3$; 2) $72 : (-3)$; 3) $-105 : (-21)$;

№610. Бөліндіні тап:

1) $-6,3 : (-0,9)$; 2) $2,4 : (-0,8)$; 3) $-9,3 :$

$(-3,1)$;

№611. Есепте:

1) $2/3 : (-2)$; 2) $4 : (-1/2)$;

$3) (-5/6) : (-5/12)$

№612. Амалдарды орында:

1) $56 : (-7) + 3$; 4) $19 - (2 - 18 : 3) - 25$; 2)

$-8 \cdot (-5) + 75 : (-15)$;

Қалыптастырушы бағалау:

Жұлдызша

5 мин

1) $2/3 : (-2)$; 2) $4 : (-1/2)$;

$3) (-5/6) : (-5/12)$

№612. Амалдарды орында:

1) $56 : (-7) + 3$; 4) $19 - (2 - 18 : 3) - 25$; 2)

$-8 \cdot (-5) + 75 : (-15)$;

Қалыптастырушы бағалау:

Жұлдызша

5 мин

б) "Ойлан, тап!" ойыны (семантикалық карта)

Амалдарды орындап, дұрыс жауап тұрған торкөздегі әріптерді дұрыс орналастырғанда шығатын сөзді табу (Жұптық жұмыс)

5 мин

№	Тапсырма	а	а	р	о	ц	н	н	л
1	$(-36+45) : (-9)$	9	-9	-1	1	2	-3	4	-4
2	$(23-(47)) : 0$	70	0	1	-2	60	-70	-1	-60
3	$-15 + (-29)$	-54	-34	29	14	-44	-14	34	-29
4	$-1,69 : 1,3$	-1,3	13	-13	130	0,13	-0,13	1,3	-130
5	$-4,2 : (-2,5)$	-105	-1,05	105	10,5	1,05	-10,5	1050	-1050
6	$78 + (-47)$	-125	125	-31	-48	48	115	31	-115
7	$(31 - (-14)) : 1$	45	0	1	-2	-45	17	-17	45
8	$13 + (-37)$	14	24	50	40	-50	-40	-14	-24

Тест тапсырмасы. (Слайд) Жеке жұмыс

1. $6,3 : (-0,9) =$ А) -7 В) 7 С) -700

2. $-5,4 : (-3) =$ А) -18 В) 1,8

С) -1,8

3. $3,6 : (-4) =$ А) -0,9 В) 9 С) -9

4. $-8 : (-1,6) =$ А) 0,5 В) 5

С) -5

5. $9 : (-5) =$ А) 1,8 В) -1,08

С) -1,8

Өзін-өзі бағалау.

5 мин

А3 парағы және маркерлер (бөлінген тақырыптарын қағаз бетіне түсіреді, мысалдар келтіреді)

Семантикалық карта (жұптасып кестедегі берілген есептерді шешу арқылы рационал сөзін анықтайды)

Тест (АКТ-да берілген тест тапсырмасы бойынша оқушы жеке жұмыс жасайды көрсетілген жауаптар бойынша өзін-өзі бағалайды)

Аяқталуы Рефлексия	Үйге тапсырма: №614,615. Бағалау. Топ басшылары толтырған бағалау кестесін хабарлау арқылы.	2 мин	<i>Алма пішінді стикерлер(жасыл түсті және өзыл түстістикерлерге бүгінгі сабақтан алған әсерлерін,білімдерін жазып жапыстырады)</i>
			<i>Бағалау парағы</i>
Қосымша ақпарат	Интернет желісі		

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimgier.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы.** Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.